



БҰЙРЫҚ

18.10.2025ж.

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 4/04-2317
город Алматы

Диссертациялық кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 20 тамыздағы №421 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) 2-тарауына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 3 (үш) күнтізбелік жылға (2025-2027 жж.) «8D021-Өнер» дайындық бағыты бойынша 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін Диссертациялық кеңес құрылсын және Диссертациялық кеңес ережесі бекітілсін:

Диссертациялық кеңес төрағасы

Каржаубаева Сангуль Камаловна – өнертану докторы, профессор, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Сценография» кафедрасының профессоры.

Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары

Нұрпейіс Бақыт Кәкиқызы – өнертану докторы, профессор, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Нөгербек Баубек Бауыржанұлы – PhD докторы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі.

Диссертациялық кеңестің шетелдік мүшесі

Каримова Нигора Ганиевна – Өзбекстан Республикасының Ғылым академиясы Өнертану институтының Кино және ТВ бөлімі меңгерушісі (Ташкент қ., Өзбекстан).

2. Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын

004240

(плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

3. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы функциялары:

1) қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;

2) диссертацияны «Антиплагиат» жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;

3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;

4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;

5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;

6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;

Ғалым хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

4. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;

2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

5. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ ректорының 2025 жылдың 20 мамырындағы «Диссертациялық кеңес құру туралы» № 01/04-126П бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор К.З.Халыковқа жүктелсін.

Негіздеме: Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Ғылыми кеңесінің шешімі (26.09.2025 ж., №2 хаттама) және Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор К.З.Халыковтың қызметтік жазбасы.

Ректор



А. Жудебаев